

**«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар Кеңесі
БЕКІТКЕН**

2026 жылғы 01 маусымдағы No 19/26 хаттама

**«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІКТІ
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ**

ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ., 2026 ж.

МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру объектісі
3. Сақтандыру жағдайлары
4. Сақтандыруға жатпайтын жағдайлар және сақтандыруды шектеу. Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері
5. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі. Франшиза
6. Сақтандыру сыйлықақыларын анықтау тәртібі
7. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
8. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі және орны
9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
10. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі әрекеттер
11. Сақтандыру төлемін жасау туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттар
12. Сақтандыру төлемін жасау тәртібі және талаптары
13. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарауы
14. Қосарлы сақтандыру
15. Сақтандыру шартына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар
16. Сақтандыру шартын тоқтату ережелері
17. Тараптардың жауапкершілігі
18. Дауларды шешу тәртібі
19. Қосымша ережелер

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережелері (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 ж. 18 желтоқсандағы № 126-II Заңына, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес дайындалды және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оның экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.
- 1.2. Сақтандыру ережелерінің шарттарына сәйкес «Basel» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 ж. 18 желтоқсандағы № 126 Заңы 2-тарауы 3-тармағының 9), 10), 11), 11-1) және 11-2) тармақшаларында аталған сақтандыру сыныптарынан басқа, заңды және жеке тұлғалармен (Сақтанушы) Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасасу жолымен, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандырады.
- 1.3. Егер Сақтандыру шарты заңды тұлғамен жасалса, онда сақтандыру қорғанысының әрекеті Сақтанушыға және Сақтанушының қызметкерлеріне таралады. Сақтанушы – заңды тұлға Сақтандыру шартында Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы әрекет ететін басқа да заңды және жеке тұлғаларды көрсетуге құқылы.
- 1.4. Егер Сақтандыру шарты жеке тұлғамен жасалса, онда Сақтандыру шартында Сақтанушының көрсеткен тұлғалардың, сонымен қатар Сақтанушының өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылады.
- 1.5. Сақтанушы және Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша Сақтандыру ережелері негізінде Сақтандыру ережелерінің жеке тармақтарын өзгертуді, алып тастауды, сонымен қатар Сақтандыру шартын жасасу кезінде анықталатын қосымша ережелерді көздейтін Сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартының талаптары сақтандыру Ережелерінің талаптарынан ерекшеленген кезде Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.
- 1.6. Сақтандыру ережелерінде қолданылатын негізгі ұғымдар:
 - 1) **Сақтандыру ережелері** – азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыруды орындау ережелерін анықтайтын Сақтандырушының құжаты;
 - 2) **Сақтандыру шарты** – Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал Сақтандырушы сақтандыру

жағдайы орны алғанда Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартымен анықталған сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру төлемін орындауға міндеттенетін, Сақтандыру ережелерімен анықталатын жағдайда жасалатын шарт;

- 3) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға;
- 4) **Сақтандырылушы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 5) **Пайда алушы** – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.
- 6) **Сақтандыру соммасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылатын ақша сомасы;
- 7) **франшиза** – сақтандыру ережелерімен көзделген Сақтандырушыны белгілі мөлшерден асатын залалды өтеуден босату. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болып табылады. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ осы сомадан асатын залалды өтеуі тиіс. Шартсыз франшиза кезінде барлық жағдайда залал белгіленген сомадан шегерілгеннен кейін өтеледі.
- 8) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін соңғының қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.
- 9) **Сақтандыру жағдайы** – Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
- 10) **Сақтандыру төлемі** – Сақтандырушымен Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру сомасы шегінде төленетін ақша сомасы;
- 11) **Сақтанушының өтініші** – Сақтанушының Сақтандырушы сұратқан өзге шарттардан басқа, орналасқан жері, құны, жай-күйі, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық әзірлігі, сондай-ақ белгілі бір сақтандыру объектісінің сапалық сипаттамалары туралы мәліметтерді қамтитын сақтандыру объектісі мен тәуекел сипаты сипатталған Сақтанушының жазбаша ресімделген құжаты;
- 12) **Азаматтық (азаматтық-құқықтық) жауапкершілік** – Сақтанушының (Сақтандырылушының) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына не-

месе мүлігіне залал келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша, сонымен қатар Сақтандыру шартынан туындайтын міндеттемелер бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) жауапкершілігі;

- 13) **сақтандыру қорғанысы** – Сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірген залалын, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайларының басталуы нәтижесінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) жасасқан шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілігінің туындауы нәтижесінде өтеу міндеттемесі;
- 14) **Сақтандырылған тәуекелдер** – бұл Сақтандыру шартында көрсетілген ықтималдық пен кездейсоқтық белгілері бар, күтпеген жерден басталуы үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіруге және/немесе сақтандыру жағдайларының басталу нәтижесіндегі шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершіліктің басталуына әкеп соғуы мүмкін алдын ала болатын оқиғалар;
- 15) **үшінші тұлға (Жәбірленуші)** – Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруы немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауы (тиісінше орындамауы) нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген, Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілгендей, сақтандыру ұйымына (Сақтандырылушыға) өтеу міндеті жүктелген адам. Үшінші тұлғаларға Сақтанушының өзі, оның қызметкерлері, сондай-ақ Сақтанушының атынан әрекет ететін жеке және заңды тұлғалар жатпайды;
- 16) **аса қажеттілік жағдайында келтірілген зиян** – егер бұл қауіп осы жағдайларда өзге құралдармен жойылмаса, бұл зиянкестің немесе басқа адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне қатер төндіретін қауіпті жоюға арналған іс-әрекеттер. Аса қажеттілік жағдайында келтірілген зиян аса қажеттілік шегінен асқан кезде өтеледі. Аса қажеттілік шегінен асып кету қауіптің сипаты мен дәрежесіне анық сәйкес келмейтін зиян келтіру және қорғалатын мүдделерге құқықтардың алдын алынғанға тең немесе одан да көп зиян келтірілген кезде қауіп жойылған жағдай деп танылады;
- 17) **Пайда алушының қасақана зиян келтіруі** – Пайда алушының залалдың айтарлықтай үлкен ықтималдықпен басталуы мүмкін болатын және осындай іс-әрекеттер үшін жауапты тұлға саналы түрде жол беретін жасаған іс-әрекеттері (әрекетсіздігі). Мысалы, тұтынушының осы саладағы

маман емес тұлғаларға техникалық немесе өзге де көмек үшін жүгінуі, тұтынушының техникалық күрделі бұйымдардағы зауыттық пломбаларды өз бетінше ашуы, өздігінен немесе маман емес тұлғалар көмегімен техникалық күрделі бұйымдардағы конструкциялық элементтерді, бөлшектерді, блоктарды алу және ауыстыру;

- 18) **жұмыскер** – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;
 - 19) **бағалаушы** – бағалаушылар палатасы берген «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәліктің негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыратын және бағалаушылар палаталарының бірінің мүшесі болып табылатын жеке тұлға;
 - 20) **қосарланған (көпше) сақтандыру** – бір объектіні бірнеше Сақтандырушыда әрқайсысымен дербес Шарттар бойынша сақтандыру.
 - 21) **дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ұйым)** - акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі коммерциялық емес ұйым. Ұйым “Сақтандыру қызметі туралы” Заңның және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының негізінде сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, бірлескен қайта сақтандыру дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді.
- 1.7.** Сақтанушының құқыққа қарсы мүдделері сақтандыруға жатпайды.
- 1.8.** 1.8. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының өзінің де, сондай жауапкершілік жүктелуі мүмкін өзге тұлғаның да (Сақтандырылушының) азаматтық жауапкершілік тәуекелі сақтандырылуы мүмкін. Сақтандырылушының мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылған жағдайда, егер заңнамада/ Сақтандыру шартында/ осы Ережелерге қосымшада өзгеше көзделмесе, Сақтанушының құқықтары мен міндеттерін тікелей немесе жанама қозғайтын сақтандыру Ережелерінің барлық талаптары Сақтандырылушыға да бірдей дәрежеде қолданылады.
- 1.9.** Сақтанушының немесе оның өкілінің сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) қолы және (немесе) сақтандыру сыйлықақысын төлеу Сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру ережелерімен таныстырылғандығын, Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру ережелерімен толық келісімін және Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру Ережелерінің көшірмесін алғанын растау болып табылады.

- 1.10.** Сақтандыру ережелерінде және Сақтандыру шартында көрсетілген Сақтанушының міндеттері Сақтандырылушылар мен Пайда алушыларға тең дәрежеде қолданылады. Сақтандырылушының бұл міндеттерді орындамауы Сақтанушының оларды орындамауы сияқты салдарға әкеп соғады.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1.** Сақтандыру объектісі Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу міндетімен байланысты мүліктік мүдделері, сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) жүзеге асыратын қызмет нәтижесінде шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) жауапкершілігі болып табылады.
- 2.2.** Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтандырушы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шартын жасайды, оның ішінде:
- 1) жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
 - 2) шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру (шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершілік);
 - 3) жұмыскердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
 - 4) өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасы үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
 - 5) көрнекі іс-шараларды ұйымдастырушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 2.3.** Сақтандыру Ережесінің 7-тармағында көрсетілген жауапкершілік түрлері бойынша шарттар жасалатын тәртіп пен талаптар сақтандырудың жекелеген бағдарламаларымен реттелуі мүмкін.
- 2.4.** Келесілердің нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіргені үшін оның жауапкершілігіне байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылмайды:
- 1) әуе, жер үсті және су көлігі құралдарының кез келген түрін иелену (меншік иесі ретінде), басқару және пайдалану;
 - 2) Сақтанушының жүктерді және/немесе жолаушыларды тасымалдау мақсатында көлік құралдарын пайдалануы (тасымалдаушының жауапкершілігі);

- 3) егер бұқаралық ойын-сауық іс-шараларын, салтанатты қабылдауларды және т.б. өткізу қызметі Сақтанушының негізгі қызметіне жатпаса немесе одан тікелей туындамаса.
- 2.5.** Егер Сақтандыру шартында басқа мемлекеттердің аумағында болған сақтандыру жағдайлары өтелсе және Сақтандыру шартында/ осы Ережеге қосымшада өзгеше жағдай көзделмесе, мынадай ережелер қолданылады:
- 1) сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының валютасы - теңгемен жасалады;
 - 2) Сақтандырушының міндеттемелері сақтандыру төлемінің сомасы соңғысының шотынан есептен шығарылған сәттен бастап орындалған болып есептеледі;
 - 3) Сақтандырушы ақша қаражатын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге айырбастауға және аударуға байланысты шығыстарды төлемейді.
- 2.6.** Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде әскери іс-қимылдар және/немесе жаппай тәртіпсіздіктер орын алған (соғыс жарияланғанына қарамастан) мемлекеттердің, жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктердің не аудандардың аумағында сақтандыру қорғанысы ешқандай жағдайда да қолданылмайды (әрекет етпейді).

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

- 3.1.** Сақтанушының (Сақтандырылушының) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу дерегі және Сақтандырушының Сақтанушы (Сақтандырылушы) жүзеге асыратын қызметінің нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сотының заңды күшіне енген шешімі негізінде белгіленген шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілікті өтеу міндеті сақтандыру жағдайы болып табылады.
- 3.2.** Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтанушы Сақтандыру шарты бойынша үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетімен байланысты өзінің жауапкершілігін сақтандыра алады.
- 3.3.** *Азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша сақтанушының жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы (тиісінше орындамауы) нәтижесінде келтірілген зиян үшін осындай шарт тарапына мүліктік залал келтіруге әкеп соққан залалды өтеу көзделеді.*

- 3.4.** Жұмыскерлердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаруы кезінде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін Сақтанушының жұмыс беруші (жалдаушы) ретіндегі жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаруы кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін залалды өтеу көзделеді.
- 3.5.** Өндірушінің немесе сатушының өзі өндіретін (сататын) өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) пайдалану (тұтыну) салдарынан келтірілген зиян үшін жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Сақтандырылушы) өндіретін (сататын) өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) пайдалану (тұтыну) нәтижесінде өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу көзделеді.
- 3.6.** Ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастырушылардың жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру кезінде Сақтанушының іс-әрекеті нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін материалдық залалды өтеу көзделеді.
- 3.7.** Мемлекет алдындағы міндеттемелер бойынша жауапкершілікті сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республикасы кеден, салық органдары және т.б. тұлғасында Сақтанушының (Сақтандырылушының) міндеттемелерін орындамауына (тиісінше орындамауына) әкеп соққан оқиғалар және осыған байланысты орындалмаған міндеттемелер көлемінде тиесілі төлемдерді (алымдарды, баждарды) төлеу міндеті сақтандыру жағдайы деп танылады.
- 3.8.** Жәбірленушіге зиян келтіру салдарынан Сақтанушының (Сақтандырылушының) міндеттемелер бойынша жауапкершілігінің басталу дерегі мынадай жағдайда сақтандыру жағдайы деп танылады:
- 1) оның салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірілген, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде және Сақтандыру шартында келісілген аумақтың шегінде жасалған заңсыз іс-әрекет (әрекетсіздік);
 - 2) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушыға зиянды өтеу туралы талап қойылса немесе жәбірленуші сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған сәттен бастап 3 жыл ішінде сотқа зиянды өтеу туралы талаппен талап арыз берсе.
- 3.9.** Бір себеппен туындаған бірқатар рет-ретімен (немесе бір мезгілде) туындаған оқиғалардың әсер етуі нәтижесінде бірнеше адамға зиян келтіру бір сақтан-

дыру жағдайы ретінде қаралады. Осындай оқиғалардың салдарынан мәлімделген зиянды өтеу туралы барлық талаптар осы талаптардың біріншісі Сақтанушыға қатысты мәлімделген сәтте мәлімделген болып есептеледі.

- 3.10.** Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайлары ретінде Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де оқиғалар көзделуі мүмкін.
- 3.11.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы тек мүліктік зиян үшін жауапкершілікке ғана қолданылады және моральдық зиян үшін жауапкершілікті өтемейді.
- 3.12.** Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.

4. САҚТАНДЫРУҒА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 4.1.** Егер оқиғалар келесілердің нәтижесінде орын алса олар сақтандыру жағдайлары болып танылмайды және олар бойынша сақтандыру төлемдері жасалмайды:
 - 1) кез келген әскери іс-қимылдар немесе әскери іс-шаралар және олардың ракеталармен, снарядтармен, бомбалармен, басқа да қару-жарақтармен, соғыс және жауынгерлік операцияларын жүргізу құралдарымен, қарақшылық іс-қимылдармен зақымдануы немесе жойылуы, сондай-ақ азаматтық соғыс, халық толқулары, көтерілістер, бүлік, жаппай тәртіпсіздіктер мен ереуілдер салдарынан;
 - 2) иондаушы сәулеленудің, радиацияның немесе радиоактивті материалдармен, ядролық отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластанудың тікелей немесе жанама әсері, сондай-ақ ядролық жарылыстың тікелей немесе жанама әсері;
 - 3) қандай да бір ұйымның атынан немесе мүддесінде әрекет ететін және сақтандыру объектісінің бұзылуына немесе бүлінуіне әкеп соққан адам немесе адамдар тобы жасаған терроризм актілері;
 - 4) саяси тәуекелдер;
 - 5) адамның иммун тапшылығы вирусы қоздыратын инфекциялар (АИТВ инфекциясы);
 - 6) адам қанының негізінде әзірленген фармацевтикалық препараттарды өндіру немесе пайдалану;
 - 7) өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдалану немесе олардың әсері;

- 8) Сақтанушы немесе оның өкілі заңдардан немесе Мемлекеттік органдардың нұсқамаларынан, сондай-ақ Тапсырыс берушінің жазбаша нұсқауларынан немесе шарттарынан қасақана жол берген ауытқулар, бұл сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтырса, сондай-ақ егер Сақтанушы немесе онда жұмыс істейтін адамдар сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғатын іс-әрекеттерді қасақана жасаса немесе жол берсе (Сақтанушы өндіретін және жеткізетін өнімнің ақаулары, зиянды және қауіпті қасиеттері туралы көрінеу үнсіздік ниетке теңестіріледі);
 - 9) Пайда алушының немесе оның өкілінің сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері (қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында және басқа да ерекше жағдайларда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда);
 - 10) Пайда алушының немесе оның өкілінің қылмыстық іс-әрекет белгілері бар, құзыретті органдар осындай деп таныған іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі және ұяттану, алкогольден немесе есірткіден мас болу жағдайында жасалған кез келген іс-әрекеттері;
 - 11) конструкциялардың, жабдықтардың, оның ішінде пайдаланудың нормативтік мерзімінен тыс пайдаланылатын материалдардың тозуы;
 - 12) асбесттің, асбест шаңының, диоксиннің, диэтилстиролдың, формальдегидтің немесе сипаттамалары, әсері немесе жүргізу бойынша салыстырмалы басқа да заттардың әсері;
 - 13) гендік-инженерлік жұмыстар жүргізілетін немесе гендік инженерия көмегімен ағзаларды (өнімдерді) босатуға (шығаруға) байланысты жабдықтар мен құрылыстар өндіру;
 - 14) генетикалық өзгерістер;
 - 15) электромагниттік өрістің әсері;
 - 16) есірткі немесе есеңгіретуші құралдарды өндіру, қайта өңдеу (өңдеу), сондай-ақ саудалау;
 - 17) сақтандыру өтемінен алып тастау ретінде Сақтандыру шартында көзделген өзге де мән-жайлардың әсері.
- 4.2.** Сақтандыру қорғанысы келесілердің салдарынан туындаған талаптарға таралмайды:
- 1) Сақтандыру шартын жасасқанға дейін туындаған және Сақтандырушының сақтандыруға тәуекелді қабылдау немесе қабылдамау туралы шешіміне ықпал етуі мүмкін және Сақтанушы ол туралы білген немесе білуге тиіс, бірақ Сақтандырушыны хабардар етпеген мән-жай күшіне енгенде;

- 2) Сақтанушы Сақтандырушымен келісілген мерзім ішінде, тәуекел дәрежесін елеулі арттыратын мән-жайларды жоймаса, егер жалпы қабылданған нормаларға сәйкес мұндай жою қажеттілігін Сақтандырушы көрсеткен болса. Мұндай жағдайларға кез келген жағдайда шығынның туындауына себеп болған жағдайлар жатады;
- 3) Сақтанушы негізгі шарт бойынша ұсынылмаған қызметтердің орнына қосымша қызметтерді орындауды қоса алғанда, қол қойылған шарттар, келісімшарттар, келісімдер бойынша өз міндеттемелерін, сондай-ақ заңға сәйкес бар міндеттемелер (мысалы, салық төлеу бойынша) немесе Сақтанушы мәміле сипатындағы ауызша келісім негізінде өз еркімен қабылдаған міндеттемелер (мысалы, қарызды өтеу бойынша міндеттемелер) орындамағанда.

4.3. Егер Сақтандыру шартымен / осы Ережелерге жасалған Қосымшалармен өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру қорғанысы келесілерге таралмайды:

- 1) Сақтанушының қызметкерлері талап қоятын залалды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 2) тек қана Сақтанушы мәртебесінен немесе осындай сайланбалы немесе тағайындалатын лауазымды атқаратын лауазымды тұлға, директор, Басқарма мүшесі ретіндегі Сақтанушы қызметінің сипатынан туындайтын жауапкершілік;
- 3) өнім үшін жауапкершілік;
- 4) Сақтанушының немесе оның қызметкерлерінің тарапынан оның қызметі шеңберінде өңделетін, қайта өңделетін немесе өзге де түрде әсер ететін заттарға келтірілген кез келген залалдар (өнім өндіру, жөндеу, қызметтер көрсету және т. б.);
- 5) лизинг бойынша пайдаланылатын, бөгде мердігерлер тартатын немесе қандай да бір өзгеше түрде оның қарауындағы немесе бақылауындағы жалға алынғанды қоса алғанда, Сақтанушының мүлкіне келтірілген залал;
- 6) мүліктің ұрлануы, жоғалуы немесе өзге де мүкәммалдық залал, сондай-ақ жабдықты пайдалану мүмкіндігінің уақытша болмауы салдарынан бос тұрып қалуды қоса алғанда, тоқтап тұрудан туындаған залал;
- 7) қоршаған табиғи ортаға әсер етумен тікелей немесе жанама байланысты зиян, сондай-ақ зиянды заттарды бағалау, байқау, тексеру, өңдеу, бейтараптандыру немесе жою жөніндегі үкіметтік және өзге де нұсқауларды, нұсқамаларды, Сақтанушыға қойылатын талаптарды орындау салдары болып табылатын залалдар, шығындар, шығыстар.

4.4. Ешқандай жағдайда сақтандыру қорғанысы келесі талаптарға таралмайды:

- 1) Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан, Сақтандырушы жауапкершілігінің белгіленген шегінен асатын залалды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 2) сақтандыру аумағының шегінен тыс жерде келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар;
- 3) егер Сақтандыру шартында өзгеше жағдай айтылмаса, спорттық жарыстарға қатысу кезінде немесе оларға дайындалу процесінде келтірілген зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 4) ластаушы заттардың нормативтен тыс тұрақты шығарындылары мен төгінділері;
- 5) газдардың, булардың, сәулелердің, сұйықтықтардың, ылғалдылықтың, күйе, түтін, шаң және басқа да атмосфералық емес жауын-шашындарды қоса алғанда, жауын-шашынның және шөгінділердің тұрақты және ұзақ әсер етуінің салдары болып табылған зиян (егер шығын кенеттен туындаса, бұл ұзақ әсер ету болып саналмайды);
- 6) Сақтанушы өзімен бірге тұратын туыстарына келтірген зиянды өтеу туралы. Оларға келесілер жатады: жұбайы (зайыбы), ата-аналары мен балалары (оның ішінде асырап алушылар), өгей әкесі (өгей шешесі), өгей баласы (өгей қызы), әжесі (атасы), немересі (немере қызы), аға-інілері (апа-сіңлілері), әйелінің (күйеуінің) ата-аналары және отбасылық туыстық немесе туыстық жағынан заң бойынша ата-аналар мен балалар (тәрбиеленушілер, қорғаншылар және т.б.) ретінде жақын қарым-қатынаста болатын өзге де адамдар;
- 7) тербеліс (діріл), қада жұмыстары, топырақтың шөгуі, сондай-ақ қирау немесе жарылыс салдарынан жерге, ғимараттарға немесе өзге де құрылыстарға келтірілген залал;
- 8) тіркелген сауда, фирмалық немесе тауарлық белгілерді, символдар мен атауларды заңсыз пайдалануды қоса алғанда, авторлық құқықтарды бұзуға байланысты зиян;
- 9) ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау туралы, сол сияқты тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің сапасы туралы дұрыс емес ақпаратты қоса алғанда, шындыққа сәйкес келмейтін және заңды немесе жеке тұлғалардың беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратудан келтірілген зиянды өтеу туралы өзге де осындай талаптар;
- 10) өндіру немесе беру процесіне байланысты туындайтын себептер бойынша Сақтанушы өндіретін немесе жеткізетін (немесе оның тапсырысы бойынша не оның есебінен үшінші тұлғалар) мүліктің (өнімнің) немесе

- жұмыстардың өзіне тікелей келтірілген зиян; кепілдік және осыған ұқсас міндеттемелерге немесе Кепілдік шарттарына байланысты талаптар;
- 11) зардап шеккен үшінші тұлғалардың моральдық залалы мен жоғалтып алған пайдасы;
 - 12) азаматтық-құқықтық шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары;
 - 13) айыппұлдар және (немесе) кез келген басқа да әкімшілік жазалар мен санкциялар.
- 4.5.** Егер Сақтандыру шартында/ осы Ережелерге жасалған Қосымшаларда өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру төлемі келесілер үшін жасалмайды:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөнінде шараларды қасақана қолданбауы;
 - 3) Сақтанушының залалды келтіруге кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша шығынның тиісті өтемін алуы;
 - 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуы туралы қызметтерді тергеуде және оған келтірілген залалдың мөлшерін анықтауда кедергі жасауы;
 - 5) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу;
 - 6) заңнамалық актілерде және Сақтандыру шартында көзделген басқа да жағдайлар.
- 4.6.** Сақтандырушыны Сақтандыру ережелерінде көзделген себептер бойынша Сақтанушыға сақтандыру төлемін жасаудан босату бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасаудан босатады.
- 4.7.** Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жасаудан босату Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасаудан бір мезгілде босатады. Бұл жағдайда Зардап шегушіге/Пайда алушыға зиянды өтеу үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен толық зиян келтірушіге жүктеледі.
- 4.8.** Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына Сақтанушы/Пайда алушы сотта шағымдана алады.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

- 5.1.** Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандырушы мен Сақтанушының келісімі бойынша Сақтандыру шартында белгіленеді.
- 5.2.** Сақтандыру сомасы Сақтандырушының Сақтандыру шарты бойынша жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді. Бұл ретте Сақтандыру шартының талаптарында мыналар көзделуі мүмкін:
- 1) жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі (жалпы сақтандыру сомасы) – бұл жағдайда Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу кезеңіндегі барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспауы тиіс;
 - 2) бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;
 - 3) сақтандыру шартымен өтелетін бір немесе бірнеше сақтандыру тәуекелі бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;
 - 4) Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемінің өзге де түрлері.
- 5.3.** Шарт (келісімшарт) бойынша жауапкершілікті сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы Сақтандыру шартын жасасу сәтіне шарт (келісімшарт) бойынша Сақтанушының міндеттемелерін ақшалай бағалаудан айқындалатын Шарттың (келісімшарттың) бағасынан аспауға тиіс. Сақтандыру сомасы Қазақстан Республикасының валютасы – теңгемен көрсетіледі.
- 5.4.** Сақтандырушының Сақтанушы алдындағы жауапкершілігінің көлемі кез келген жағдайда сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауға тиіс. Сақтанушы сақтандыру сомасының мөлшерінен тыс залалды өтеуді өз есебінен жасайды.
- 5.5.** Сақтандыру шарттарын жасасу кезінде мөлшері мен түрі сақтандыру шартымен айқындалатын франшиза белгіленуі мүмкін. Франшиза (шартсыз немесе шартты) тараптардың келісімі бойынша не сақтандыру сомасына пайызбен, не абсолюттік мөлшерде белгіленеді.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 6.1.** Сақтандыру шарты бойынша төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасынан алынатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын Сақтандырушы бекіткен сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жасалады. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасымен есеп айырысу жағдайлары, тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

- 6.2.** Сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы белгіленеді. Сақтандыру шартында әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.
- 6.3.** Сақтандырушы төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларын: қызмет түріне, объектілер жабдығына, күзет шараларына және т. б. байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне жоғарылату және төмендету коэффициенттерін пайдалануға құқылы.
- 6.4.** Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы бір рет немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп, қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда төлеуге тиіс.
- 6.5.** Сақтандыру шарты 1 (бір) жылдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушы бекіткен сақтандыру тарифтері бойынша есептеледі.
- 6.6.** Сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында айқындалған мерзімде төлемеген жағдайда, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы мұндай мерзімін кешіктіру туындаған күннен бастап автоматты түрде тоқтатыла тұрады.
- 6.7.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде болған оқиғалар сақтандыру жағдайлары деп танылмайды және олар бойынша сақтандыру төлемі жасалмайды.
- 6.8.** Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) және сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімін кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын толық мөлшерде төлеген күннен кейінгі күннен бастап сақтандыру қорғанысының қолданылуы қайта басталады.
- 6.9.** Сақтандырушының Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлемеуіне байланысты Сақтандыру шартын бұзуы соңғысын сақтандыру қорғанысы қолданылған және Сақтандырушы Сақтанушы алдындағы өз міндеттемелері бойынша жауап беруге тиіс кезең үшін сақтандыру сыйлықақысын төлеу міндетінен босатпайды.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 7.1.** Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша толтырылған және Сақтандыру шартының құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша/ электрондық өтініші негізінде жасалады.
- 7.2.** Өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзінің өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты құжаттарды көрсетуге, сақтандыру жағдайының

- басталу ықтималдығын және Сақтанушының қызметіне қатысты оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар, өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға, сондай-ақ Сақтандырушы талап еткен басқа да ақпарат пен құжаттарды ұсынуға міндетті. Сақтанушы өзі ұсынған деректердің дұрыстығы үшін жауапты болады.
- 7.3.** Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы өндірісті қарап шығуға және ол үшін сақтандырылуға жататын Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызметімен танысуға құқылы.
 - 7.4.** Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы бірден, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға сақтандыру тәуекеліндегі барлық елеулі өзгерістер туралы, мысалы, қызмет сипатының, өндірістік циклдің және т.б. өзгеруі туралы жазбаша хабарлауға міндетті.
 - 7.5.** Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының тәуекел дәрежесін арттыруға әкелетін іс-әрекеттерді алдын ала қабылдауға құқығы жоқ.
 - 7.6.** Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы өзіне белгілі болған, сақтандыру шартын жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.
 - 7.7.** Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе ұлғайған тәуекелге тең қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
 - 7.8.** Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушының шеккен шығыстарын және сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру мерзіміне бара-бар уақытқа қайтарады.
 - 7.9.** Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соқтыратын мән-жайлар жойылса, Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқығы жоқ.
 - 7.10.** Сақтанушы көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда Сақтанушы сақтандыру шартын бұзуды және Сақтандыру шартын бұздан келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге, ал егер сақтандыру жағдайы басталған болса – сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.
 - 7.11.** Сақтандырушының Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде Сақтанушы хабарлаған мәліметтердің дұрыстығын, сондай-ақ сақтандыру тәуекелінің жай-күйін тексеруге құқығы бар.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

- 8.1.** Сақтандыру шарты 12 (он екі) ай мерзімге жасалады. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін.
- 8.2.** Сақтандыру қорғанысы сақтандыру сыйлықақысы (не оның бірінші бөлігі) Сақтандырушының шотына немесе кассасына қолма-қол ақшамен түскен күннен кейінгі күннің 00 сағат 00 минутынан бастап, бірақ Сақтандыру шартына қол қойылған күннен ерте емес кезден бастап әрекет ете бастайды.
- 8.3.** Сақтандырушының сақтандыру жауапкершілігі сақтандырудың алдында негізделген оның қолданылу мерзімімен аяқталады.
- 8.4.** Сақтандыру шартында Сақтандырушы бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жасаған кезден бастап оның қолданысын тоқтату көзделуі мүмкін.
- 8.5.** Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты Сақтандыру шарты тоқтатылатын және сақтандыру сыйлықақысы төленетін күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Тараптардың біріне хабарланған жағдайда, сақтандыру шарты келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.
- 8.6.** Сақтандыру қорғанысының қолданылу аумағы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуының географиялық шектері кеңейтілуі де, шектелуі де мүмкін. Кез келген жағдайда сақтандыру өтемінің аумағы Сақтандыру шартында және/немесе Сақтанушыға берілген сақтандыру полисінде көрсетіледі.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға;
- 2) Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес уақтылы сақтандыру сыйлықақысын алуға;
- 3) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді алуға, егер бұл мән-жайлар Сақтандырушыға белгісіз және белгілі болмауы тиіс болса (елеулі мәліметтер өтініште белгіленеді);
- 4) сақтандыру тәуекелін бағалауға;
- 5) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты, сақтандыру объектісінің сипаттамаға сәйкестігін тексеруге, сондай-ақ Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан)

Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауды талап етуге;

- 6) Сақтанушы осы Ережелерде және Сақтандыру шартында көзделген жағдайларда өз міндеттерін орындамаған жағдайда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 7) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға;
- 8) қажет болған жағдайда құзыретті органдарға сақтандыру жағдайының басталу дерегі мен себебін растайтын тиісті құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы сұрау салу жіберуге;
- 9) Егер Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін ұлғайтатын мән-жайлар туралы белгілі болған жағдайда, Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Сақтанушы бұған қарсылық білдірген жағдайда, Сақтандыру шарты Сақтандырушының шығындарын ұстап қалумен бұзылуы мүмкін;
- 10) Сақтандыру шартында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға;
- 11) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсатында Сақтандыру шарты шеңберінде ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға/одан бас тартуға;
- 12) Сақтандыру шартына/ осы Ереженің қосымшасына/ Сақтандыру ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасауға.

9.2. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру талаптарымен және сақтандыру ережелерімен таныстыруға және оның талабы бойынша Ережелердің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);
- 2) тәуекелді сақтандыруға қабылдау туралы оң шешім қабылданған жағдайда Сақтанушымен Сақтандыру шартын ресімдеуге;
- 3) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 4) Сақтандыру шартында/ осы Ереженің қосымшасында өзгеше тікелей жағдай айтылмаса, сақтандыру төлемін жасау туралы немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылдау және тиісті сақтандыру актісін бекіту;

- 5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) не олардың өкілі осы Ережелердің 11-тармағында көзделген құжаттарды дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынбаған жағдайда, оны жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге;
- 6) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында/ осы Сақтандыру ережелеріне қосымшада/Сақтандыру ережелерінде белгіленген ретпен, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 7) Сақтанушыға және Пайда алушыға Сақтандыру шартының/ Сақтандыру ережелерінің талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жасаудан жазбаша дәлелді бас тартуды жіберуге;
- 8) Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін өзі жұмсаған шығыстарды өтеуге;
- 9) Сақтандыру шартына/ осы Ереженің Қосымшасына/ Сақтандыру ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасауға.

9.3. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру ережелері/ осы Ереженің қосымшасы/ Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақтандыру төлемін уақтылы алуға не оны Пайда алушыға Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде жасауға;
- 3) Сақтандырушымен келісім бойынша Сақтандыру шартына өзгерістер енгізуге;
- 4) Пайда алушыны немесе Сақтандырылушыны Сақтандырушымен келісім бойынша, сондай-ақ егер бұл Сақтандыру шартында ескертілсе, Пайда алушының келісімімен де ауыстыруға;
- 5) Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына дау айтуға;
- 7) сақтандыру ережелерімен/ Сақтандыру шартымен белгіленген тәртіпте және талаптарда Сақтандыру шартын бұзуға;
- 8) Сақтандыру шартына/ осы Ереженің қосымшасына/ Сақтандыру ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасауға.

9.4. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін маңызы бар, өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы, сондай-ақ Сақтандырушыны қызықтыратын, сақтандыру мақсаттары үшін қажетті өзге де мәліметтер туралы хабарлауға;
- 2) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 3) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде осы сақтандыру объектісіне қатысты басқа да жасалған немесе жасалатын Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) Сақтандырушыға Сақтандырушының талабы бойынша сақтандыру объектісі туралы барлық мәліметтерді ұсынуға;
- 5) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлауға, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса. Кез келген жағдайда Сақтандыру шартында және өтініште ескертілген өзгерістер елеулі болады;
- 6) залалды өтеу туралы талап-арызды алған кезде Сақтандырушының өкіліне тиісті органдарда өз мүдделерін білдіру құқығын беруге;
- 7) сақтандыру жағдайларын болдырмау үшін барлық мүмкін және орынды шараларды қолдануға, сондай-ақ белгіленген және жалпы қабылданған қауіпсіздік ережелері мен нормаларын сақтауға міндетті;
- 8) Сақтандырушыға оның сұратуы бойынша коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді хабарлауға;
- 9) Сақтандырушы сұратқан Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 10) Сақтандыру шартына/ осы Ереженің қосымшасына/ Сақтандыру ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттерді жасауға.

9.5. Пайда алушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;
- 2) Сақтанушының орнына сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушыға ұсынуға;

- 3) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;
 - 4) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алуға;
 - 5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.
- 9.6.** Осы бөлімде көзделген Тараптардың құқықтары мен міндеттері толық болып табылмайды. Тараптар осы Ережелердің өзге тармақтарында/осы Ережелерге жасалған қосымшада, Сақтандыру шартының талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтарға ие және міндеттерді атқарады.
- 9.7.** Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі Сақтандыру шартымен/осы Ереженің қосымшасымен өзгертілуі/ қысқартылуы/толықтырылуы мүмкін.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- 10.1.** Сақтандыру жағдайы және/немесе сақтандыру жағдайының орын алуына келтіруі және/немесе Сақтанушыға залалды өтеу туралы шағым жасау үшін себеп болуы мүмкін оқиға орын алғанда, Сақтанушы міндетті:
- 1) сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға;
 - 2) дереу, бірақ 3 жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға. Егер Сақтанушының дәлелді себеппен сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген мерзімде хабарлау мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжатпен растауға тиіс;
 - 3) болған жағдай туралы дереу хабарлауға және Сақтанушыға кінә қоюға себеп болуы мүмкін оқиғаны қарау юрисдикциясына жататын құзыретті органдар мен ұйымдарда (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ішкі істер органдары, өртке қарсы қызметтер, ТЖ жөніндегі органдар және т. б. құзыретті органдар мен ұйымдар) оқиғаны құжатпен тіркеуге;
 - 4) Сақтандырушының өкіліне Жәбірленушілерді, бүлінген мүлікті қарап-тексеруді немесе зерттеп-қарауды, зиянның себептері мен мөлшеріне

қатысты қарауды жүргізу, залалды азайту жөніндегі іс-шараларға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

- 5) Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз бүлінген мүлікті қалпына келтіру жұмыстарын жүргізбеуге;
- 6) Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттер жасамауға, сондай-ақ: құтқару жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі іс-әрекеттерді қоспағанда, сондай-ақ залалды азайту мақсатында Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауға, қандай да бір ұсыныстарды мойындамауға, қабылдамауға, төлемдер жасамауға және осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге;
- 7) Сақтандырушыға (соңғысының талап етуі бойынша) талаптарды сотқа дейінгі немесе сот тәртібімен реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттіктерін беруге;
- 8) залалдың туындау мән-жайларын көрсете отырып, сақтандыру жағдайының басталуы туралы белгіленген нысанда жазбаша өтініш беруге, сондай-ақ Сақтандырушы талап еткен, сақтандыру оқиғасының себептерін анықтау және залалдың мөлшерін айқындау үшін қажетті барлық құжаттарды беруге.

10.2. Сақтандыру шартымен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

11.1. Егер Сақтандыру шартында/ осы Ережелерге жасалған Қосымшада өзге жағдай көзделмесе, Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылшы, Пайда алушы) осы талапты негіздейтін құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда ұсынады.

11.2. Егер Сақтандыру шартында / осы Ережелерге жасалған Қосымшада өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру төлеміне өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

- 1) Сақтандыру шартының көшірмесі (оның телнұсқасы);
- 2) орын алған оқиғаға байланысты Сақтанушыға қойылатын шағымдар, талаптар;
- 3) үшінші тұлғалар мен қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соққан сақтандыру жағдайының себептері мен ықтимал салдарларын қоса алғандағы сараптама актісі (халықаралық практикада – апаттық сертификат);

- 4) Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының жауапкершілігі көлеміне енгізілетін сақтандыру жағдайының басталуына байланысты өтелуге жататын сомалардың мөлшерін қамтитын сот шешімінің көшірмесі;
 - 5) тиісті ұйымдар немесе мамандар жасаған залалдар есебі;
 - 6) құзыретті органдар мен ұйымдардың сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттары және сақтандыру жағдайының жағдаяттарына, оның себептеріне, залал мөлшеріне қатысты өзге де құжаттар (экологиялық қызметтердің актілері, мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың қорытындылары, залал сомасының негіздемесі, анықтамалар, шоттар және т.б.);
 - 7) жазатайым оқиға салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде – белгіленген нысандағы еңбекке жарамсыздық парағы және зардап шеккен адамның жеке басын куәландыратын құжат;
 - 8) мүгедектік туындаған кезде – тиісті мемлекеттік органның мүгедектік тобын белгілеу туралы қорытындысы, зардап шегушінің жеке басын куәландыратын құжат;
 - 9) қайтыс болған кезде – уәкілетті мемлекеттік орган берген қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі, мұрагерлік құқыққа кіргенін куәландыратын құжаттар, мұрагердің немесе Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат;
 - 10) мүліктік нұқсан кезінде – нұқсан сомасын растайтын құжаттар:
 - а) тәуелсіз сарапшы комиссиясымен (ұйыммен) құрастырылған, сақтандыру жағдайының орын алғанын, себебін және залал мөлшерін дәлелдейтін акт;
 - б) сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттар.
- 11.3.** Сақтандырушы сақтандыру оқиғасының мәртебесі туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесін дербес қысқартуға және Сақтандырушының пікірі бойынша осы шешімді қабылдау үшін жеткілікті құжаттармен шектелуге құқылы.
- 11.4.** Сақтанушы мәлімделген сақтандыру оқиғасы бойынша шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттарды жинау және ұсыну ауыртпалығы, сондай-ақ барлық қажетті шығыстар Сақтанушыға жүктеледі.
- 11.5.** Құжаттардың нақты тізбесі сақтандыру шартымен айқындалады.
- 11.6.** Ұсынылған құжаттарды жасау тәртібі мен нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес келуі тиіс, егер олар үшін бұл көзделген болса. Егер Сақтандыру шартында/ осы Ереженің қосымшасында өзге жағдай көз-

делмесе, құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқада не нотариалды куәландырылған немесе түпнұсқа мөрмен расталған және құзыретті ұйымның уәкілетті тұлғасы қол қойған көшірме түрінде ұсынылады.

- 11.7.** Егер сақтандыру жағдайының дерегі бойынша қылмыстық процесті жүргізетін органдар (бұдан әрі – Органдар) қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық істі қозғау туралы, қозғаудан бас тарту, тоқтата тұру немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға не органдарға тиісті сұрау салуды дербес жіберуге құқылы.
- 11.8.** Сақтандырушы осы Ережелерде көрсетілген оқиғалардың басталуы нәтижесінде келтірілген нақты шығындарды анықтау үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы. Егер Сақтандыру шартында/ осы Ережеге жасалған қосымшада өзге жағдай көзделмесе, Сақтанушы оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген белгілі бір нақты шығынмен келіскен жағдайда, тәуелсіз сарапшыны тарту жөніндегі шығыстар төлем сомасынан шегеріледі.
- 11.9.** Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕСІ

- 12.1.** Зиян мөлшерін және сақтандыру төлемінің сомасын айқындауды Сақтандырушы құзыретті органдардың (медициналық мекемелердің, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілейтін мемлекеттік органдардың, әлеуметтік қамсыздандыру органдарының және т.б.) зиян келтіру деректері мен салдарлары туралы құжаттарының негізінде, сондай-ақ жүргізілген шығыстарды растайтын анықтамаларды, шоттарды және өзге де құжаттарды ескере отырып жүргізеді. Сақтандыру төлемінің сомасын айқындауға қатысу үшін қажет болған жағдайларда Сақтанушы шақырылуы мүмкін.
- 12.2.** Сақтандыру жағдайларын қарау тәртібі Сақтандырушы, Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мен дерекқорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арасында электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жазбаша нысанда да, электрондық нысанда да жүзеге асырылады.
- 12.3.** Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 12.4.** Сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайлары туралы дау болған кезде сақтандыру төлемі заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) негізінде жүзеге асырылады.

12.5. Сақтандыру төлемінің сомасына мыналар кіруі мүмкін:

- 1) Жеке тұлғаның денсаулығына зиян келтірілгенде немесе ол қайтыс болғанда;
- 2) келтірілген жарақат немесе денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек ету қабілетінің тиісті дәрежесін жоғалту салдарынан Зардап шегуші жоғалтқан табыс, сақтандыру жағдайы болған кезден бастап сауыққанға немесе мүгедектік белгіленгенге дейін, бірақ 4 айдан аспайтын табыс. Сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау мақсатында жоғалтылған табысты (кірісті) есептеу кезінде жәбірленушінің осы Қағидаларға сәйкес құжатпен расталған орташа айлық табысы негізге алынады; бұл ретте есептеу сақтандыру шарты жасалған күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аспауы тиіс. Егер жәбірленушінің нақты орташа айлық табысы аталған ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аз болса, сақтандыру төлемі оның нақты орташа айлық табысы негізінде есептеледі.
- 3) денсаулықты қалпына келтіру үшін қажетті қосымша шығыстар (күшейтілген тамақтануға, санаторий-курорттық емделуге, қорғаныстан кейінгі күтім жасауға, протездеуге, көлік шығыстарына, ақылы медициналық қызмет көрсетуге арналған шығыстарға және т.б.);
- 4) жерлеуге тікелей байланысты қажетті шығыстар, бірақ жерлеу күніне 70 АЕК-тен аспайды;
- 5) сақтандыру жағдайының нәтижесінде зиян келтірілген тұлғалардың өмірі мен мүлкін құтқару немесе сақтандыру жағдайынан келтірілген шығындарды азайту жөніндегі қажетті және орынды шығыстар.
- 6) Жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға мүліктік залал келтірілген жағдайда:
 - a) мүліктің толық жойылуы кезінде айқындалатын мүлікті жою немесе бүлдіруден келтірілген тікелей нақты залал – тозуды шегергендегі оның нақты құны мөлшерінде; ішінара бүліну кезінде – оны сақтандыру жағдайына дейін болған жай-күйге келтіру жөніндегі қажетті шығыстар мөлшерінде;
 - b) сақтандыру жағдайының нәтижесінде зиян келтірілген адамдардың өмірі мен мүлкін құтқару немесе сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды азайту жөніндегі қажетті және орынды шығыстар.

12.6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасау туралы немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешімді сақтандыру жағдайының басталуын, оның басталу себептерін және алушының сақтандыру төлеміне құқығын растайтын қажетті құжаттар ұсынылған жағдайда және тиісті сақтандыру актісі

- бекітілген кезден бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылдайды, егер Сақтандыру шартында/ осы Ережеге жасалған Қосымшада өзге жағдай тікелей айтылмаса.
- 12.7.** Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне немесе міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне (ММСЖ) енгізілген медициналық қызметтер мен дәрілік заттарға жұмсалған шығындар, зардап шеккен тарап оларды пайдаланғанына немесе пайдаланбағанына қарамастан, өтеуге жатпайды.
- 12.8.** Сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыға жазбаша нысанда бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен, Сақтанушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде хабарлайды, егер Сақтандыру шартында/ осы Ережеге жасалған Қосымшада өзге жағдай тікелей айтылмаса.
- 12.9.** Сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қарау және сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі Сақтанушыға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.
- 12.10.** Егер сақтандыру төлемін белгіленген мерзімде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, ұсынылған құжаттарға қосымша мәліметтер немесе деректер қажет болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мерзімін ұзарту қажеттілігінің себептерін түсіндіріп, сақтанушыны - жеке тұлғаны (Сақтандырылған, Бенефициар) хабардар етуге тиіс. Бұл ретте сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемі бойынша құжаттарды қараудың соңғы мерзімі өткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.
- 12.11.** Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы), егер залалды келтірілген залалға кінәлі тұлға және/немесе үшінші тұлғалар, мемлекет толық өтеген болса, ал егер залал тиесілі сақтандыру төлемі мөлшерінен аз мөлшерде өтелген болса, онда сақтандыру төлемі Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан алған және / немесе үшінші тұлғалардан, мемлекеттен алынған сомасын шегере отырып жүзеге асырылады.
- 12.12.** Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының нәтижесінде өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірілген тұлғаның, сондай-ақ егер Сақтандыру шартында оған қосымша шығыстарды өтеу көзделсе, Сақтанушының пайдасына жүзеге асырылады.
- 12.13.** Егер Сақтанушының өзі келтірілген зиянды сот айқындаған мөлшерде өтесе, онда сақтандыру төлемі Сақтанушыға онымен Жәбірленуші/Пайда

алушы Сақтанушыға талап қоюдан бас тартуы тиісті түрде ресімделген жағдайда және сақтандыру ережелерінде көрсетілген, сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.

12.14. Егер зиян бірнеше Жәбірленушіге/Пайда алушыға келтірілсе және зиянның жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан асып кетсе, онда әр жәбірленушіге сақтандыру төлемі оған келтірілген залал мөлшерінің барлық зардап шегушілерге келтірілген залалдың жалпы мөлшеріне қатынасына тепе-тең жүзеге асырылады.

12.15. Үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтірілген кезде сақтандыру шартының талаптарымен сақтандыру төлемін сақтандыру төлемінің сомасы шегінде затай нысанда өтемақымен ауыстыру көзделуі мүмкін.

13. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУЫ

13.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы тұлға, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растау үшін ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Сақтандырушы мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:

- 1) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
- 2) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
- 3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

13.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе осы Ережелерде көрсетілген шарттарда тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.

13.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі, егер ұсынылған құжаттардан болған оқиғаның мән-жайын, осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындауын анықтау мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.

13.4. Өз кезегінде Сақтандырушының шешімінде көрсетілген мән-жайларды анықтау мүмкін еместігі Сақтандырушыға Сақтандыру ережелерінің нормаларын, Сақтандыру шартының талаптарын/осы Ережелерге Қосымшаны ескере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді.

- 13.5.** Бұл жағдайда Сақтандырушы өз шешімінде болған оқиғаның нақты қандай мән-жайларын және/немесе осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындау фактілерін белгілеуге болмайтындығын және Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) қандай іс-әрекеттер жасауы тиіс екенін көрсетуге тиіс.
- 13.6.** Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) құжаттар топтамасын ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде ресімделеді.

14. ҚОСАРЛЫ САҚТАНДЫРУ

- 14.1.** Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандырылатын объектілерге қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 14.2.** Мүлікті екі рет сақтандыру кезінде әрбір Сақтандырушы Сақтанушы алдында онымен жасалған Сақтандыру шарты шегінде жауапты болады, алайда Сақтанушы барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.
- 14.3.** Келтірілген залалды басқа Сақтандырушылар өтегендіктен сақтандыру төлемін жасаудан толық немесе ішінара босатылған Сақтандырушы Сақтанушыға келтірілген шығыстарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақыларының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.

15. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

- 15.1.** Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың өзара келісімі бойынша, Тараптардың бірінің жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде жүргізіледі.
- 15.2.** 15.2. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары:
- сақтандыру объектісін өзгерту;
 - сақтандыру шартын жасасу кезінде берілген мәліметтерді өзгерту;
 - сақтандыру қорғаудың қолданылу мерзімін өзгерту;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де жағдайлар.
- 15.3.** Тараптардың бірі өтініш алған сәттен бастап шешім қабылданған сәтке дейін Сақтандыру шарты бұрынғы талаптарда қолданылады.
- 15.4.** Осы Ережеге сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар Сақтандыру шартына қосымша келісім жасау және қол қою жолымен ресімделеді.

- 15.5.** Сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулардың екі Тараптың уәкілетті өкілдері оларды жазбаша ресімдеген және қосымша келісімге қол қойған жағдайда заңды күші болады.

16. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 16.1.** Міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату негіздерінен басқа, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын келесі жағдайда тоқтатылады:

- 1) Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жасаған жағдайларда жүргізіледі. Егер бұл Сақтандыру шартымен тікелей айтылса, ол Сақтандырушы бірінші сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жасаған кезде өз әрекетін тоқтатады; Сақтанушының Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда Сақтандырушыға өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы хабарлау міндетін орындамауы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса не Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарының өзгеруіне немесе сақтандыру сыйлықақысының қосымша ақысына тәуекел дәрежесінің ұлғаюына мөлшерлес қарсылық білдірсе;
- 2) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде кезекті сақтандыру жарнасын төлемей;
- 3) Сақтанушының Сақтандыру шартынан бас тартуы;
- 4) Сақтандырушының Сақтандыру шартынан бас тартуы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Сақтандыру шартымен белгіленген жағдайларда.

- 16.2.** Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі Тарап екінші Тарапты дереу хабардар етуге тиіс. Сақтанушы осы тармақта көзделген бұзу негіздері бойынша растайтын құжаттарды беруге міндетті.

- 16.3.** Осы Ережелердің 16.1 - тармағындағы 1) - 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Сақтандыру шарты тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды, егер Сақтандыру шартында/ осы Ереженің Қосымшасында өзге жағдай көзделмесе.

- 16.4.** Осы Ережелердің 16.1 - тармағындағы 5) - 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Сақтандыру шарты тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары: мөлшері сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 30% құрайтын істі жүргізуге жұмсалған шығыстар шегеріле отырып, сақтандырудың өтпеген мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі Сақтандырушыға Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш берген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қайтарылуға жатады, егер Сақтандыру шартында/ осы Ереженің Қосымшасында/ Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге жағдай көзделмесе. Сақтандыру шартында/ осы Ереженің Қосымшасында/ Қазақстан Республикасының заңнамасында Сақтандыру шартын тоқтатудың өзге тәртібі, мерзімі мен шарттары белгіленуі мүмкін.
- 16.5.** Сақтандырушы-жеке тұлға сақтандыру келісімшартынан бас тартса, оның жасалған күнінен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде, сақтандырушы сақтандырушы-жеке тұлғаға сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) бір бөлігін алып тастаған сақтандыру жарнасын (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін, сондай-ақ сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындарды (алынған) сақтандыру мерзімінің он пайызынан аспайтын шығындарды қайтаруға міндетті сақтандыру жарналары (сақтандыру жарналары).
- 16.6.** Егер сақтандырушы – жеке тұлға осы тармақтың екінші бөлімінде көрсетілген мерзімде несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, несие беруші осы келісім бойынша пайыздық мөлшерлемеге және (немесе) оған қатысты комиссияға қатысты шарттарды қайта қарауға құқылы. Шолу нәтижелеріне негізделген несие келісімі бойынша пайыздық мөлшерлеменің (комиссиялық сома) мөлшері сақтандыру шарты болмаса, несие келісімі жасалған күні күшінде болатын пайыздық мөлшерлемеден (комиссия) аспауы тиіс.
- 16.7.** Егер жеке сақтандырушы несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, оның (қарыз алушың) несие беру шарты бойынша міндеттемелерін орындауы нәтижесінде жеке сақтандырушы жеке сақтандырушыға бес жұмыс күні ішінде алған сақтандыру жарнасын (сақтандыру премияларының) бір бөлігін (сақтандыру жарналары) алып тастау туралы өтініш алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтаруы тиіс сақтандыру күшінде болған уақыт және сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындар, алынған сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) он пайызынан аспайтын шығындар.

- 16.8.** Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

17. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 17.1.** Сақтандыру төлемі уақтылы жасалмаған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 17.2.** Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған тарап міндеттемелерді орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін мүліктік жауапты болмайды, егер тиісінше орындау еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және бұлтартпас жағдайлардың салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе.
- 17.3.** Еңсерілмейтін күш мән-жайлары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, кезкелген сипаттағы соғыс немесе соғыс қимылдары, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымдары. Еңсерілмейтін күш жағдайларының нақты тізбесі Сақтандыру шартында / осы Ережелерге жасалған Қосымшада көзделуі мүмкін.
- 17.4.** Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекетін бастан кешіретін тарап осындай жағдаяттардың басталғаны туралы екінші Тарапты 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті, егер Сақтандыру шартында/ осы Ережелерге жасалған Қосымшада өзге жағдай көзделмесе.
- 17.5.** Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеті құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.
- 17.6.** Осы бөлімде көзделген Тараптардың жауапкершілігі Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.

18. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 18.1.** Сақтандыру шартынан немесе оған байланысты туындайтын кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.
- 18.2.** Тараптар уағдаластыққа қол жеткізбеген жағдайда, даулар және/немесе келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен реттелуге жатады.
- 18.3.** Сақтандыру шартында дауларды шешудің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәртібі көзделуі мүмкін.

- 18.4.** Осы Сақтандыру ережелері мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды және оған қол қойылды. Мемлекеттік тілде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұны орыс тілінде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұнына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Тараптар орыс тілінде жасалған Осы Ережелер мәтініне сүйенеді.

19. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

- 19.1.** Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көзделуі мүмкін.
- 19.2.** Даулар туындаған кезде Тараптар дауды реттеудің сотқа дейінгі мынадай тәртібін сақтауға міндетті:
- Дау туындаған жағдайда Тарап екінші Тарапқа жазбаша шағыммен жүгінуге және талапқа жауап алуға міндетті. Егер Тарап шағымда баяндалған талаптарды қанағаттандырудан бас тартса немесе талап алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шағымға жазбаша жауап бермесе немесе шағымды ішінара немесе толық мойындағанын куәландыратын әрекеттер жасамаса, Тарап сақтандыру омбудсманына дауды шешу туралы өтінішпен жүгінеді. Сақтандыру омбудсманының дауды мәні бойынша шешуі дауды реттеудің сотқа дейінгі кезеңін сақтаудың міндетті кезеңі болып табылады.
 - Сақтандыру төлемінің мөлшеріне дауласуға қатысты дау туындаған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемінің дауланбайтын бөлігін алуға міндетті, содан кейін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген әрекеттерді жасайды. Бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндетті емес.
- 19.3.** Келісімге қол жеткізілмеген және дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған кезде тараптар Алматы қаласы Медеу ауданының сотына (егер даудың бір тарабы жеке тұлға болса немесе) немесе Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (егер дау заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер арасында болса) талап-арызбен жүгінеді, яғни шарттық соттылық белгіленеді.